

Қамқоршылық кеңестің жыл бойы атқарған жұмысының есебі

2025–2026 оқу жылы барысында Қамқоршылық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, білім беру ұйымының жарғысына және кеңес жоспарына сәйкес жүзеге асырды. Кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымының дамуына қолдау көрсету, ашықтықты қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту және білім алушыларға қолайлы жағдай жасау болды.

Есептік кезеңде Қамқоршылық кеңестің 4 отырысы өткізілді. Отырыстар барысында білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесі, қаржылық ашықтық, қауіпсіздік мәселелері, әлеуметтік қолдау көрсету, демеушілік көмек тарту және ұйымның даму перспективалары қарастырылды.

Жыл бойы кеңес мүшелері білім беру ұйымын жақсартуға белсенді атсалысты. Атап айтқанда:

- мерекелік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға;
- әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға көмек көрсетуге;
- спорттық, мәдени және зияткерлік іс-шараларды өткізуге қолдау көрсетілді.

Қамқоршылық кеңестің бастамасымен ата-аналар қауымдастығымен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды жетілдіру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар кеңес мүшелері мектеп асханасының жұмысына, санитарлық жағдайға, оқушылардың қауіпсіздігіне және білім сапасына қатысты мониторинг жүргізіп отырды. Анықталған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Жыл қорытындысы бойынша Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының дамуына өз үлесін қосып, алға қойылған міндеттердің орындалуына ықпал етті деп есептейді. Алдағы уақытта кеңес:

- әлеуметтік серіктестік аясын кеңейту;
- демеушілер тарту жұмыстарын күшейту;
- білім алушыларға қолдау көрсету шараларын жалғастыру.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Абдесимова Лаура Жумабековна сөз алып қамқоршылық кеңес мүшелерінің атқарған жұмыстарының жылдық есебін берді. Қамқоршылық кеңес тамыз айынан бастап мектеп ұжымы, оқушылармен, ата-аналар комитетімен тығыз байланыста болды. «Әкелер қоғамы» құрылды. Екі мәрте ата-ана, ұстаз, оқушы болып спорттық жарыстар ұйымдастырылды. 9 рет «Ашық есік күніне» қатысты. Мектеп асханасында оқушылардың дұрыс тамақтануын және асхананың санитарлық жағдайын бақылады.

2-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ускенбаева Ш.С. сөз алып, мектеп жанынан ұйымдастырылатын лагерь жұмысының жоспарымен таныстырды. Лагерьге 150 баладай қатысады деп жоспарланып отыр. Лагерь екі рет берілетін ыстық тамақпен қамтылады. Асхананы жалға алушылар күніне 1500 теңгеге тамақтандырамыз деп жоспарлап отыр. СУСН категориясына жататын 1-4 сынып оқушылары (18 оқушы, тізімі бар) тегін тамақтанады. Жазғы лагерьге ақылы қойылымдар көрсетуге (ата-аналардың өз еркімен) театр, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Сөйлегендер: Исаев Гани Қуантаевич – қамқоршылық кеңес мүшесі мектеп жанынан ұйымдастырылатын лагерьге СУСН категориясына жататын оқушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастырғаны қуантарлық жағдай екенін және ақылы мәдени іс-шараларды өткізуді қолдайтынын айтып өтті. Себебі ата-аналар күні бойы жұмыста оқушылар театрға бармаса да әдемі көріністерді көру керектігін айтты.

5. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ақылы театр қойылымдары ұйымдастырылсын.
6. Әлеуметтік серіктестік аясы кеңейтілсін;
7. Демеушілер тарту жұмыстары күшейтілсін;
8. Білім алушыларға қолдау көрсету шаралары жалғастырылсын;

Қамқоршылық кеңес төрайымы *Л.Ж.* Абдезимова Л.Ж.

Хатшы *Н.М.* Жукембаева Н.М.

Муртаева Ф.Е. *Л.Ж.*
Исаев Ф.В. *Л.Ж.*
Дискулова С.С. *Л.Ж.*
Омарова О.М. *Л.Ж.*
Карбозов А.Э. *Л.Ж.*
Сармантаева А.С. *Л.Ж.*